

2018 жылға арналған Зеренді ауданында ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығының қалған, білім беру үйымдарының тұлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарының квотасын белгілеу туралы

Ақмола облысы Зеренді ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 13 қарашадағы № А-10/532 қаулысы. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 24 қарашада № 6190 болып тіркелді

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Күжаттың мәтінінде тұпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 9-бабының 9) тармақшасына, 27-бабы 1-тармағының 4) тармақшасына, "Ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығының қалған, білім беру үйымдарының тұлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды, пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарын квоталау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2016 жылғы 26 мамырдағы № 412 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13898 болып тіркелген) сәйкес, Зеренді ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес, 2018 жылға арналған Зеренді ауданында ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығының қалған, білім беру үйымдарының тұлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарының квотасы белгіленсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары А.Е.Қапышевқа жүктелсін.

3. Осы қаулы Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Зеренді ауданының әкімі

A.Мұратұлы

Зеренді ауданы әкімдігінің

2017 жылғы "13" қарашадағы

№ А-10/532 қаулысына

қосымша

**2018 жылға арналған Зеренді ауданында ата-анасынан кәмелеттік жасқа
толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығының қалған, білім
беру үйымдарының тұлектері болыш табылатын жастар қатарындағы
азаматтарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарының квотасы**

№	Үйымдар атауы	Жұмыскерлердің тізімдік саны	Квота мөлшері (%)
1	Зеренді ауданының "Білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі	1189	0,1
2	"Altyntau Kokshetau" акционерлік қоғамы	2013	0,1
3	"Викторовское" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	130	0,8
4	"ИгілікАстық - 2030" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	10	10

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК